




ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

СТАРТАП

Тақырып №7

Стартаптың заңды аспектілері


Автор: Арын Ә.А.
Магистр, аға оқытушы
«Қаржы, есеп және аудит» кафедрасы



Жоспар:

1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ негізгі ережелері.
2. Кәсіпкерлік формалары (бір формадан екіншісіне ауысу)
3. Шарттық қатынастар
4. Интеллектуалдық меншікке деген құқықты рәсімдеу





1. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ



Кәсіпкерлік субъектілері

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар, оралмандар және мемлекеттік емес коммерциялық заңды тұлғалар (жеке кәсіпкерлік субъектілері), мемлекеттік кәсіпорындар (мемлекеттік кәсіпкерлік субъектілері) кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.



Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жеке тұлға Кодексте көзделген тәртіппен дара кәсіпкер ретінде тіркеледі.

Кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын заңды тұлға ҚР Азаматтық кодексінде көзделген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

АҚ, ЖШС,



Заңды тұлғаның оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады. Заңды тұлғаның атауы оның қалай аталатынын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетуді қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша мағлұматты қамтуы мүмкін.
Заңды тұлғаның атауы оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі.

Заңды тұлғаның атауында заң талаптарына немесе қоғамдық мораль қалыптарына қайшы келетін аттарды, егер жеке адамдардың есімдері қатысушылардың есімдеріне сәйкес келмесе не қатысушылар бұл адамдардың есімін пайдалануға олардан (олардың мұрагерлерінен) рұқсат алмаса, олардың есімдерін пайдалануға жол берілмейді.

Заңды тұлға белгілі бір атаумен Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізіледі.
Заңды тұлғаның атауы ҚР-да тіркелген заңды тұлғалардың атауын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.
Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның атауы заңды тұлға тіркелгеннен кейін оның фирмалық атауы болып табылады.



КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ САНАТТАРЫ



31 қаңтар 2006 ж. ҚР Кәсіпкерлік қызметі туралы Заң

Кәсіпкерлік Кодексінің 24 бабына сәйкес

Жұмыскерлердің жылдық орташа санына және жылдық орташа кіріске қарай кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:



- шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- орта кәсіпкерлік субъектілері;
- ірі кәсіпкерлік субъектілері.



Мемлекеттік статистика мақсаттары үшін жұмыскерлердің **жылдық орташа санының** өлшемшарты ғана пайдаланылады.

Мемлекеттік қолдау көрсету және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін екі өлшемшарт: жұмыскерлердің жылдық орташа саны және жылдық орташа кіріс пайдаланылады.



ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ

Заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны **бір жүз** адамнан аспайтын және жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын ай **АЕК үш жүз мың** еселенген мөлшерінен аспайтын, кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады



МИКРОКӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ

Жұмыскерлерінің жылдық орташа саны **он бес** адамнан аспайтын немесе жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын **АЕК отыз мың** еселенген мөлшерінен аспайтын, жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын шағын кәсіпкерлік субъектілері микрокәсіпкерлік субъектілері болып табылады.



Мемлекеттік қолдау және ҚР заңнамасының өзге де нормаларын қолдану мақсаттары үшін:



1) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты әрекетті;

2) акцизделетін өнімді өндіруді және (немесе) көтерме саудада өткізуді;

3) астық қабылдау пункттерінде астық сақтау жөніндегі қызметті;

4) лотереялар өткізуді;

5) ойын бизнесі саласындағы қызметті;

6) радиоактивті материалдардың айналымына байланысты қызметті;



жалғасы



7) банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызметті (сақтандыру агенті қызметінен басқа);

8) аудиторлық қызметті;

9) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті;

10) кредиттік бюролар қызметін;

11) күзет қызметін;

12) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымына байланысты қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар **шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері деп танылмайды.**



ОРТА КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ

Кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, осы баптың 3 және 6-тармақтарына сәйкес шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.



ІРІ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ

Кәсіпкерлікті жүзеге асыратын және мынадай өлшемшарттардың біреуіне немесе екеуіне сай келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны **екі жүз елу адамнан асатын** және (немесе) жылдық орташа кірісі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын АЕК **үш миллион еселенген** мөлшерінен асатын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады



АЛЕНА ВЛАДИМИРСКАЯ

PRUFFI компаниясының негізін қалаушы



Қажетті адамдар санынан азырақ адам жалдаңыз. Басты ұстанатын формула – минус бір жарым.

Қызметкерлеріңізбен сөйлесіңіз, үнемі олардың ой-пікірлерін білуге тырысыңыз! Жүйелі кездесулерді өткізген де пайдалы.

Қызметкерлеріңізді үнемі ақшамен ынталандырудан сақ болыңыз!

Менің пікірімше, бірінші жұмыс орны ретіндегі стартап – дұрыс емес, ең алдымен ірі компанияларда, ірі жобаларда жұмыс істеп, тәжірибе жинақтап, ісіңізді жақсы меңгеріп, таныстар, байланыста жинаған дұрыс. Силикон алқабындағы стартаптардың көбісі - +40 екені бекер емес.



ДАРА КӘСІПКЕРЛІК



ҚР азаматтарының, оралмандардың таза **кіріс алуға бағытталған**, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі **дара кәсіпкерлік** болып табылады.


Дара кәсіпкерлік **өзіндік** немесе **бірлескен** кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

ДИНАМИКА КОЛИЧЕСТВА АКТИВНЫХ СУБЪЕКТОВ МСП И ИХ ДОЛИ В ОБЩЕМ КОЛИЧЕСТВЕ ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ СУБЪЕКТОВ

- Зарегистрированные субъекты МСБ, тыс. ед.
- Активные субъекты МСП, тыс. ед.
- Доля активных субъектов МСП, % (правая ось)




Примечание: Составлено по данным Комитета по статистике (www.stat.gov.kz).

ВКЛАД МСП В ВВП РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

- ВВП, млрд тенге
- Выпуск продукции МСБ, млрд тенге
- Доля валовой добавленной стоимости малого и среднего предпринимательства в ВВП, в %

Примечание: Составлено по данным Комитета по статистике (www.stat.gov.kz).


*Данные по ВВП за 2014 г. представлены на основании оперативных данных



ОТРАСЛЕВАЯ СТРУКТУРА МАКРОПОКАЗАТЕЛЕЙ МСП

- Сельское хозяйство
- Промышленность
- Строительство
- Торговля
- Транспорт и связь
- Другие

Примечание: 1. Данные по кредитному портфелю приведены на основе кредитов малому предпринимательству.
2. Составлено по данным Комитета по статистике (www.stat.gov.kz) и Национального Банка РК (www.nationalbank.kz).





ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

Назарларыңызға рахмет!